

*Д. Б. Базарбаев, магистрант, әділет аға лейтенанты  
Ғылыми жетекші — З. С. Тоқыбаев, Академия бастығының оқу ісі жөніндегі орынбасары,  
заң ғылымдарының докторы, профессор, полиция полковнигі  
(ҚР ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)*

### **АДАМДЫ ОҚШАУЛАУ — МЕМЛЕКЕТТІК МӘЖБҮРЛЕУДІҢ БІР ТҮРІ**

Кез келген мемлекет өзінің азаматтары мен Қазақстан аумағында тұрып жатқан барлық адамдарының өмірі мен денсаулығын қорғауда, соған қоса қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында адамдардың белгілі бір категорияларын мәжбүрлі түрде қоғамнан оқшаулайды. Бұл шаралар әдетте қоғамға қауіп төндіретіндерге, құқық бұзушыларға, психикалық тұрғыдан жапа шегушілер немесе түрлі қауіпті жұқпалы аурулармен ауыратын адамдарға қатысты болады.

Р. С. Маковик пен Н. Р. Бессараб жұмыстарында оқшаулау проблемасы оның әртүрлі сипаттамаларына қарай әлеуметтік және құқықтық құбылыстар ретінде қарастырылады. Ол құқық бұзушыларға, әлеуметтік қауіпті аурулармен ауыратын науқастарға (созылмалы маскүнемдер, нашақорлар, туберкулезбен ауыратындар, ЖИТС жұқтырған және ауыратын, өзге де жұқпалы аурулармен ауыратын науқастар), сондай-ақ карантиндік шараларда тексерілетін адамдарға қатысты мәжбүрлеу нысаны ретінде қолданылады. Оқшаулаудың әлеуметтік нысаны тұлғаның қоғамдағы өзін-өзі оқшаулау немесе ортадан жатсыну шарттары танылуы мүмкін<sup>1, 41—46</sup>.

Сонымен қатар, азаматтардың белгілі бір аумақтар мен объектілерде болуын оқшаулау мақсатында шектеу, нақты жеке тұлғаларды оқшаулау режимі арқылы ерекше мәжбүрлеу түрінде күзету, қадағалаудан және бас бостандығынан айыруды жүзеге асыратын мекеменің жұмыс істеу режимінен ерекшеленеді. Егер бірінші жағдайда объект немесе аумақ оқшауланатын болса, екіншіде оқшаулауға тікелей адам ұшырайды.

Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы бойынша сотталған адамды оқшаулау — белгілі бір мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жаза белгілеу болып табылады. Әдетте, оқшаулауға мәжбүрлеу ауыр және аса ауыр қылмыс түрлерін жасаған адамдарға қатысты қолданылады.

Ғылыми әдебиеттерде негізді түрде аталып өткендей, осы уақытқа дейін «бас бостандығынан айыру», яғни сотталған адамды оқшаулау ұғымдарының негізгі белгісіне толық түсіндіру берілмеген.

Мұндай жағдай құқықтық ғылымда біріншіден, белгілі бір мерзімге бас бостандығынан айыру, өмір бойы бас бостандығынан айыру және қамаққа алуды жаза ретінде заңнамалық тұрғыдан ажыратуға қиындатады.

Екіншіден, қауіпсіздігі барынша төмен колонияда бас бостандығынан айыру жазасын өтеу, бас бостандығын шектеу, тәртіптік әскери бөлімде ұстау бойынша жазаларды санатқа бөлуде теориялық пікірталастар туындатады.

Үшіншіден, «оқшаулау», «режим», «күзету», «бақылау» ұғымдарының ара жігін анықтауға мүмкіндік бермейді. Төртіншіден, «оқшаулау» ұғымы ретінде бас бостандығынан айыру

ұғымының белгісі мекемелерде адам құқықтарын қамтамасыз ету деңгейін көтеру бойынша шаралары жеткіліксіз.

Оқшаулау ретіндегі мемлекеттік мәжбүрлеу нысанының құқықтық тұрғыдан проблема болуы, Қазақстан Республикасының қазіргі заманғы мекемелерінің негізгі қызметінің құқықтық және ұйымдастырушылық саясатын жетілдіруде, қылмыстық және қылмыстық-атқару, сот төрелігін дамыту тетігінің элементтерін, сотталған адамдар мен бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдардың қайта бейімделу жұмыстарының сабақтастығын құру тетігін тежейді.

Бас бостандығынан айыруда оқшаулаудың мәнін анықтау үшін оқшаулаумен байланысты мемлекеттік мәжбүрлеудің басқа да түрлерін, сондай-ақ адам мен қоғам арасындағы қалыпты әлеуметтік қатынастарды бұзатын, бостандықта оның құқықтарын жүзеге асыруды шектейтін өзге де мәжбүрлеу және мәжбүрлеу сипаты жоқ сипаттағы шараларды қарастырып, бағалау қажет.

Оқшаулау (франц. *isolation* — *разобщать* — деген сөз) — біреуді немесе бір нәрсені жеке-лендіру, қоршаған ортамен байланыстарын айыру<sup>ii, 189</sup>.

Құқық теориясында сотталған адамды «оқшаулау» санатын бас бостандығынан айыру ретінде бағалау бойынша бірқатар жылдар бойы пікірталас жүргізілуде екендігін айта кету керек. Р. С. Маковик, П. И. Колеватов, Н. Р. Бессараб және т. б. құқық бұзушыны және кейбір өзге де санаттағы тұлғаларды «оқшаулау» құқықтық категория деп түсінді. Ал кейбір Л. П. Рассказов пен И. В. Упоров сияқтылар «оқшаулауды» құқықтық категория ретінде мойындамады<sup>iii, 56–59</sup>.

Біздің пайымдауымызша, оқшаулау ретіндегі мемлекеттік мәжбүрлеу шараларын құқықтық категория ретінде таныған авторлардың ұстанымдарын қолдауға әбден болады. Себебі, Қазақстан Республикасы Конституциясының 16-бабында «Әркім өзінің жеке басының бостандығына құқығы бар. Заңда көзделген реттерде ғана және тек қана соттың санкциясымен тұтқындауға және қамауда ұстауға болады, тұтқындалған адамға шағымдану құқығы беріледі» — делінген.

---

<sup>i</sup> Маковик Р. С. Государственно-правовой статус осужденного к лишению свободы: Лекция. — Рязань, 1979; Маковик Р. С., Бессараб Н. Р. Изоляция личности: социальные и правовые аспекты // Государственная власть и местное самоуправление. — 2002. — № 1.

<sup>ii</sup> Словарь иностранных слов. 18-е изд. — М., 1989.

<sup>iii</sup> Рассказов Л., Упоров И. Категория «свобода» в уголовном праве России // Уголовное право. — 2000. — № 2.